



KAZ MINERALS PLC
6TH FLOOR
CARDINAL PLACE
100 VICTORIA STREET
LONDON SW1E 5JL
Tel: +44 (0) 20 7901 7800

26 июля 2018 года

ГРУППА KAZ MINERALS ПОДВЕЛА ИТОГИ ПРОИЗВОДСТВЕННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЗА ПЕРВОЕ ПОЛУГОДИЕ 2018 ГОДА

За первые шесть месяцев 2018 года Группа KAZ Minerals произвела 139,6 тыс. тонн меди¹ – на 18% больше, чем в первом полугодии 2017 года (118 тыс. тонн). Основным драйвером роста стала более высокая, по сравнению с прошлым годом, пропускная способность обогатительной фабрики (ОФ) по переработке сульфидной руды на Актогае – во втором квартале предприятие достигло расчетной мощности.

В целом в первом полугодии 2018 года на Бозшакольском ГОКе в Павлодарской области произведено 49,8 тыс. тонн, на Актогайском ГОКе в ВКО – 60,5 тыс. тонн, в Восточном регионе и на руднике Бозымчак в Кыргызстане – 29,3 тыс. тонн меди.

Медное производство в 2018 году ожидается в диапазоне 270-300 тыс. тонн. Кроме того, KAZ Minerals остается на пути к достижению запланированного на 2018 год производства по всем металлам.

Бозшаколь

В соответствии с планом ведения горных работ, среднее содержание меди в бозшакольской руде в первом полугодии снизилось с 0,56% в аналогичном периоде прошлого года до 0,49%. В связи с этим объем производства меди² снизился на 4% по сравнению с аналогичным периодом 2017 года (49,8 тыс. тонн против 52 тыс. тонн). В квартальном разрезе производство меди снизилось на 15% – до 22,9 тыс. тонн во втором квартале по сравнению с 26,9 тыс. тонн в первом квартале. На это повлияли снижение содержания металла в руде и снижение пропускной способности ОФ по переработке сульфидной руды, вызванное плановыми работами по перефутеровке мельницы и снижением общего коэффициента извлечения с учетом возросшей доли переработки каолинизированной руды. Нарращивание производства на ОФ по переработке каолинизированной руды во втором квартале достигло 95% от расчетной мощности (1кв: 65%).

Производство золота² в первом полугодии 2018 года в объеме 62,3 тыс. унций соответствует производству первого полугодия прошлого года в размере 62,9 тыс. унций – увеличение общих объемов переработки компенсировало снижение содержания золота в руде с 0,31 г/т до 0,26 г/т.

Производство серебра² в первом полугодии 2018 года – 340 тыс. унций, на 6% ниже, чем в первом полугодии 2017 года, вследствие уменьшения содержания с 1,58 г/т до 1,33 г/т.

Во втором квартале на Бозшаколе произведено небольшое количество молибденового концентрата, образцы которого отправлены для оценки потенциальным клиентам.

С учетом того, что производство меди в первой половине года составило около 50 тыс. тонн, Бозшаколь находится на пути к достижению годового планового показателя в 95-105 тыс. тонн, так как ожидается, что более высокая пропускная способность компенсирует более низкое содержание во второй половине года. Производство золота и серебра за год находится на пути к достижению планового показателя 115-125 тыс. унций и 500 тыс. унций соответственно.

¹ Здесь и далее – оплачиваемый металл в концентрате и катодная медь из оксидной руды Актогае

² Здесь и далее – оплачиваемый металл в концентрате

Актогай

Среднее содержание меди в сульфидной руде, переработанной на Актогайской ОФ, снизилось в первом полугодии 2018 года до 0,62% – с 0,75% в аналогичном периоде прошлого года. Тем не менее показатель остается значительно выше содержания в рудном теле 0,33% благодаря продолжающейся переработке супергенной обогащенной руды.

Производство меди из сульфидной руды – 49 тыс. тонн, на 117% выше по сравнению с первым полугодием прошлого года (22,6 тыс. тонн). На рост повлияло увеличение объемов переработки на 110%, поддержанное высоким содержанием и извлечением. ОФ по переработке сульфидной руды достигла значительного этапа в наращивании производства – поддерживала 100%-ную пропускную способность на протяжении месяца. В среднем во втором квартале мощность фабрики была 89% (1кв: 66%).

В первом полугодии 2018 года на Актогайском комплексе по переработке оксидной руды произведено 11,5 тыс. тонн катодной меди, на 11% выше, чем в аналогичный период прошлого года – оксидный комплекс в настоящее время работает на полную мощность.

Общий объем производства меди в первой половине года в размере около 61 тыс. тонн – это значительный прогресс на пути достижения планового годового диапазона 110-130 тыс. тонн.

Восточный регион и Бозымчак

В первом полугодии 2018 года производство меди на предприятиях ТОО «Востокцветмет» и руднике Бозымчак сократилось до 29,3 тыс. тонн, или на 11%, по сравнению с первым полугодием 2017 года, за счет снижения содержания в руде Орловской шахты и сокращения объемов переработки из-за плановой остановки Николаевской обогатительной фабрики. Поквартально производство меди увеличилось: во втором квартале произведено 15,3 тыс. тонн (1кв: 14 тыс. тонн), что связано в основном с повышенным содержанием меди в руде, переработанной на Николаевской ОФ. Бозымчак продолжает работу на полной проектной мощности: в первом полугодии здесь произведено 3,7 тыс. тонн меди. В 2018 году в Восточном регионе и на Бозымчаке прогнозируется производство меди в размере около 65 тыс. тонн.

Производство золота в первом полугодии 2018 года – 27,2 тыс. унций (1П 2017: 29,7 тыс. унций). В целом в 2018 году ожидается производство 45-50 тыс. унций.

За счет снижения объемов переработки, содержания металла в руде и извлечения в Восточном регионе и на Бозымчаке произведено 1,082 млн унций серебра (1П 2017: 1,282 млн унций). Планируемое годовое производство – около 2 млн унций.

В первом полугодии 2018 года производство цинка в концентрате снизилось до 24,9 тыс. тонн (1П 2017: 32,3 тыс. тонн) из-за плановой остановки Николаевской ОФ и снижения среднего содержания металла в переработанной руде до 2,63% (1П 2017: 3,07%). Среднее содержание цинка в руде, добытой на шахтах Востокцветмета, продолжает варьироваться: в частности, на Артемьевском руднике содержание цинка во втором квартале снизилось до 0,25% по мере перемещения добычных работ через переходную зону между рудными телами.

Во второй половине года ожидается повышение содержания и увеличение производительности на Николаевской ОФ, что приведет к росту производства цинка в концентрате и достижению годового диапазона около 60 тыс. тонн.

Председатель правления Группы KAZ Minerals Эндрю Саузам прокомментировал: «В первой половине 2018 года Группа достигла высоких операционных показателей, Актогайская ОФ по переработке сульфидной руды достигла расчетной мощности и работала на этом уровне в течение продолжительного периода. Высокая пропускная способность Актогайской ОФ стала основным драйвером 18%-ного роста производства меди по сравнению с первым полугодием 2017 года. KAZ Minerals остается на пути к достижению запланированного диапазона производства меди в 270-300 тыс. тонн и целевых показателей производства попутной продукции».

Для получения дополнительной информации звоните по следующим телефонам:

KAZ Minerals PLC

Анна Маллер	Финансовый аналитик, департамент по связям с инвесторами, Лондон	Tel: +44 20 7901 7814
Максут Жапабаев	Руководитель департамента корпоративных связей в Алматы	Tel: +7 727 244 03 53
Алмас Садыков	Менеджер департамента корпоративных связей в Алматы	Tel: +7 727 244 03 53

ПРИМЕЧАНИЕ ДЛЯ РЕДАКТОРОВ

KAZ Minerals – медедобывающая компания с высоким потенциалом роста, ориентированная на развитие масштабного низкозатратного производства карьерного типа в Казахстане. Группа ведет операционную деятельность на рудниках открытого типа Бозшаколь в Павлодарской области и Актогай в Восточном Казахстане, трех рудниках и трех обогатительных фабриках в Восточном Казахстане, медно-золотом руднике Бозымчак в Кыргызстане. В 2017 году общий объем производства меди составил 259 тыс. тонн, в качестве попутной продукции произведено 58 тыс. тонн цинка в концентрате, 179 тыс. унций золота и 3,506 млн унций серебра.

Новые производственные предприятия Группы – Бозшаколь и Актогай – обеспечили один из самых высоких показателей роста производства в отрасли и преобразовали KAZ Minerals в компанию, в ресурсном профиле которой преобладают рудники открытого типа мирового класса.

По операционным затратам Бозшаколь входит в первый квартиль среди международных медедобывающих предприятий. Полная мощность обогатительных фабрик Бозшакольского ГОКа составит 30 млн тонн руды в год. Оставшийся срок эксплуатации рудника – 39 лет, с содержанием меди в руде 0,35%. Объем производства в первые 10 лет составит в среднем 100 тыс. тонн меди в катодном эквиваленте и 120 тыс. унций золота в концентрате в год.

Актогай – крупномасштабный рудник карьерного типа – идентичен Бозшаколю, с содержанием меди в руде 0,36% (оксидная руда) и 0,33% (сульфидная руда). Срок эксплуатации рудника, по ожиданиям, будет около 28 лет. На Актогае производство катодной меди из оксидной руды началось в декабре 2015 года, производство первого медного концентрата из сульфидной руды началось в феврале 2017 года. Годовая мощность первой ОФ по переработке сульфидной руды 25 млн тонн, объем переработки сульфидной руды будет увеличен до 50 млн тонн с началом производства меди на второй ОФ до конца 2021 года. Операционные затраты месторождения Актогай являются конкурентными среди международных медедобывающих предприятий. Годовой объем производства до 2021 года составит в среднем 90 тыс. тонн меди из сульфидной руды, с 2022 до 2027 годы, после запуска производства на второй обогатительной фабрике, увеличится до 170 тыс. тонн. Производство меди из оксидной руды составит около 20 тыс. тонн в год до 2025 года.

Акции KAZ Minerals PLC котируются на Лондонской, Казахстанской и Гонконгской фондовых биржах. В KAZ Minerals работают около 13 000 человек, главным образом казахстанских граждан.

Этот релиз содержит внутреннюю информацию.



KAZ MINERALS PLC
6TH FLOOR
CARDINAL PLACE
100 VICTORIA STREET
LONDON SW1E 5JL
Tel: +44 (0) 20 7901 7800

2018 жылғы 26 шілде

KAZ MINERALS ТОБЫ 2018 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ӨНДІРІСТІК ІС-ҚЫЗМЕТІН ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

2018 жылдың алғашқы алты айында KAZ Minerals Тобы 139,6 мың тонна мыс¹ өндірді. Бұл 2017 жылдың бірінші жартысымен салыстырғанда 18%-ға артық (118 мың тонна). Өсімнің негізгі себепкері – Ақтоғайдағы сульфидті кендерді өңдейтін кен байыту фабрикасының (БФ) былтырғы жылмен салыстырғандағы арта түскен өткізу мүмкіндігі. Екінші тоқсанда кәсіпорын есептік қуатына жетті.

Жалпы 2018 жылдың бірінші жартысында Павлодар облысындағы Бозшакөл КБК-нде 49,8 мың тонна, ШҚО-ғы Ақтоғай КБК-нде – 60,5 мың тонна, Шығыс өңір мен Қырғызстандағы Бозымшақ кенішінде – 29,3 мың тонна мыс өндірілді.

2018 жылы мыс өндірісі 270-300 мың тонна деңгейінде болады деп жоспарланған. Сондай-ақ, KAZ Minerals барлық металдар бойынша 2018 жылға жоспарланған көрсеткіштерді орындау жолында жұмыс істеп отыр.

Бозшакөл

Тау-кен жұмыстарын жүргізу жоспарына сәйкес бозшакөлдік кеннің құрамындағы мыстың орташа үлесі бірінші жарты жылда өткен жылдың осындай кезеңіндегі 0,56%-дан 0,49% азайды. Осыған орай, мыс² өндірісінің көлемі 2017 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 4%-ға азайды (52 мың тоннадан 49,8 мың тоннаға дейін). Тоқсанға шаққанда мыс өндірісінде 15%-дық төмендеу байқалды: бірінші тоқсанда 26,9 мың тонна болса, екінші тоқсанда 22,9 мың тонна. Бұған кендегі метал үлесінің азаюы, өздігінен жартылай ұсақтау диірменінің қаптамасын ауыстыруға байланысты сульфидті кендерді өңдейтін БФ-ның өткізу мүмкіндігінің төмендеуі және каолин балшығы бар кендерді өңдеу үлесінің артуына орай жалпы бөліп алу коэффициентінің төмендеуі әсер етті.

2018 жылдың бірінші жартысында алтын² өндірісі 62,3 мың унция болып, былтырғы жылдың бірінші жартысындағы 62,9 мың унцияға сәйкес келеді. Өңдеу көлемінің артуы кен құрамындағы алтын мөлшерінің 0,31 гр/т-дан 0,26 гр/т-ға дейін төмендеуінің орнын толтырды.

2018 жылдың алғашқы алты айындағы күмістің² өндірісі 340 мың унция болып, 2017 жылғы бірінші жарты жылдықтағы өндіріс көлемінен 6%-ға аз. Бұл кендегі мөлшердің 1,58 гр/т-дан 1,33 гр/т-ға дейін азаюы салдарынан орын алды.

Екінші тоқсанда Бозшакөлде молибден концентратының азғана мөлшері өндіріліп, оның үлгілері әлеуетті клиенттерге бағалау үшін жолданды.

Бірінші жарты жылда мыс өндірісі 50 мың тоннаға таяу болғандықтан, Бозшакөл 95-105 мың тонна көлеміндегі жылдық көрсеткіштерге жету жолында келеді. Себебі, өткізу мүмкіндігінің жоғары болуы екінші жартыжылдықтағы төмен мөлшердің орнын толтырады. Алтын мен күмістің жылдық өндірісі сәйкесінше 115-125 мың унция және 500 мың унция көлеміндегі көрсеткіштерге жетеді деп көзделген.

Ақтоғай

Ақтоғай БФ-да өңделген сульфидті кеннің құрамындағы мыстың мөлшері 2018 жылдың бірінші жартысында былтырғы жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 0,75%-дан 0,62%-ға дейін

¹ Мұнда және одан әрі – концентраттағы ақысы төленетін металл және Ақтоғайдағы оксидті кеннен өндірілген катодты мыс

² Мұнда және одан әрі – концентраттағы ақысы төленетін металл

төмендеді. Дегенмен бұл көрсеткіш супергенді байытылған кенді өңдеудің арқасында кен денесіндегі 0,33%-дық мөлшерден жоғары болып отыр.

Сульфидті кеннен мыс өндіру 49 мың тоннаға жетіп, былтырғы жылдың бірінші жартысымен салыстырғанда 117%-ға артық (22,6 мың тонна). Өсімге өңдеу көлемінің 110%-ға артуы және жоғары мөлшер мен бөліп алу әсер етті. Сульфидті кенді өңдейтін БФ өндірісті арттырудың айтарлықтай деңгейіне жетіп, бір ай бойы 100%-дық өткізу мүмкіндігін сақтап отырды. Орта есеппен екінші тоқсанда фабриканың қуаты 89% (1-тоқсан: 66%) болды.

2018 жылдың бірінші жартысында Ақтоғайдағы оксидті кендерді өңдейтін кешенде 11,5 мың тонна катодты мыс өндірілді. Бұл былтырғы жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 11% жоғары. Қазіргі уақытта оксидті кешен толық қуатында жұмыс істеп тұр.

Жылдың бірінші жартысында мыс өндірісінің жалпы көлемі 61 мың тоннаға таяу болды. Бұл 110-130 мың тонна көлеміндегі жылдық жоспарлы аралыққа жету жолындағы айтарлықтай ілгерілеу болып табылады.

Шығыс өңір мен Бозымшақ

2018 жылдың бірінші жартысында «Шығыстүстімет» ЖШС-нің кәсіпорындары мен Бозымшақ кенішінде мыс өндірісі 2017 жылдың алғашқы жартыжылдығымен салыстырғанда 29,3 мың тоннаға дейін немесе 11%-ға азайды. Бұған Орлов шахтасындағы кеннің құрамындағы мыс мөлшерінің төмендеуі және Николаев БФ жоспарлы тоқтауына байланысты өңдеу көлемінің азаюы себепші болды. Тоқсанға шаққандағы мыс өндірісі артты: екінші тоқсанда 15,3 мың тонна (1-тоқсан: 14 мың тонна) өндірілді. Бұл Николаев кен байыту фабрикасында өңделген кеннің құрамындағы мыстың жоғары мөлшеріне байланысты. Бозымшақ толық жобалық қуатындағы жұмысын жалғастыруда: бірінші жарты жылда мұнда 3,7 мың тонна мыс өндірілді. 2018 жылы Шығыс өңірдегі кәсіпорындар мен Бозымшақта 65 мың тонна мыс өндіріледі деп жоспарланған.

2018 жылдың бірінші жарты жылындағы алтынның өндірісі – 27,2 мың унция (2017 жылдың 1-жартысында: 29,7 мың унция). Жалпы 2018 жылы 45-50 мың унция көлеміндегі өндіріс болады деп күтіліп отыр.

Шығыс өңір мен Бозымшақтағы өңдеу көлемінің, кендегі металл мөлшерінің төмендеуі және бөліп алудың азаюы салдарынан 1,082 млн унция күміс өндірілді (2017 жылдың 1-жартысында: 1,282 млн унция). Жоспарлы жылдық көлем – шамамен 2 млн унция.

2018 жылдың бірінші жартысында концентраттағы мырыштың өндіріс көлемі Николаев кен байыту фабрикасындағы жоспарлы тоқтауға және өңделген кеннің құрамындағы металдың орташа мөлшерінің 2,63%-ға азаюына (2017 жылдың 1-жартысы: 3,07%) байланысты 24,9 мың тоннаға дейін төмендеді (2017 жылдың алғашқы алты айында 32,3 мың тонна). Шығыстүстіметтің шахталарындағы кеннің құрамындағы мырыш мөлшері өзгеріп отыр: айталық, Артемьев шахтасында екінші тоқсанда құрамның мөлшері 0,25% деңгейінде болды. Себебі, өндіріс кен денелерінің арасындағы аумақта өтіп жатыр.

Жылдың екінші жартысында Николаев БФ-да құрам мөлшері жоғарылап, өндірістің артуы күтіліп отыр. Бұл концентраттағы мырыштың өндіріс көлемін арттырып, 60 мың тонна көлеміндегі жылдық аралыққа жетуге көмектеседі.

KAZ Minerals Тобының басқарма төрағасы Эндрю Саузам былай деп мәлімдеді: «2018 жылдың бірінші жартысында Топ жоғары операциялық көрсеткіштерге қол жеткізді. Сульфидті кендерді өңдейтін Ақтоғай БФ ұзақ уақыт бойы есептік қуатына жетіп, бұл деңгейде жұмыс істеді. Ақтоғай БФ-ның жоғары өткізу мүмкіндігі мыс өндірісінің 2017 жылдың бірінші жартысымен салыстырғандағы 18%-дық өсімге себепкер болды. KAZ Minerals 270-300 мың тонна көлеміндегі жоспарлы аралыққа жету және ілеспе өнімдерді өндірудегі көрсеткіштерді орындау бағытында жұмыс істеп жатыр».

Қосымша ақпарат алу үшін келесі телефондар бойынша хабарласуға болады:

KAZ Minerals PLC

Анна Маллер	Қаржылық талдаушы, Инвесторлармен байланыс департаменті, Лондон	Tel: +44 20 7901 7814
Мақсұт Жапабаев	Корпоративтік байланыстар департаментінің басшысы, Алматы	Tel: +7 727 244 03 53
Алмас Садықов	Корпоративтік байланыстар департаментінің менеджері, Алматы	Tel: +7 727 244 03 53

РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

KAZ Minerals – Қазақстанда заманауи, азшығынды тау-кен өндірісін дамытуға бағытталған, өсу әлеуеті зор мыс өндіруші компания. Компания операциялық іс-қызметін Павлодар облысы мен ШҚО орналасқан Бозшакөл және Ақтоғай кен байыту кешендерінде, сонымен қатар Шығыс Қазақстанда орналасқан үш кеніш пен үш кен байыту фабрикасында және Қырғызстандағы Бозымшақ мыс-алтын кенішінде жүргізеді. 2017 жылы мыстың жалпы өндіріс көлемі 259 мың тоннаны құрады, ілеспе өнім ретінде 58 мың тонна концентраттағы мырыш, 179 мың унция алтын мен 3,506 млн. унция күміс өндірілді.

Топтың өндірістік кәсіпорындары – Бозшакөл мен Ақтоғай – саладағы ең қарқынды даму көрсеткіштерін қамтамасыз етіп, KAZ Minerals-ты қорының басым бөлігі әлемдік деңгейдегі ашық түрдегі кеніштерден тұратын компанияға айналдырмақ.

Операциялық шығындары бойынша Бозшакөл халықаралық мыс өндіруші кәсіпорындар арасында бірінші квартильге кіреді. Бозшакөл КБК кен байыту фабрикаларының жылдық толық қуаты 30 млн тонна кенді құрайды. Кенішті пайдаланудың қалған мерзімі – 39 жыл. Кендегі мыс құрамы 0,35%. Өндіріс көлемі – алғашқы 10 жылда жыл сайын 100 мың тонна катод эквивалентіндегі мысты және 120 мың унция концентраттағы алтынды құрайды.

Ақтоғай – карьер типтес ірі ауқымды кеніш. Ол Бозшакөлге ұқсас. Кендегі мыс мөлшері 0,36% (оксидті кен) және 0,33% (сульфидті кен). Кенішті пайдаланудың қалған мерзімі – шамамен 28 жыл. Ақтоғайда оксидті кеннен катодты мысты өндіру 2015 жылдың желтоқсан айында басталды, ал сульфидті кеннен алғашқы мыс концентраты 2017 жылдың ақпан айында өндірілді. Сульфидті кенді қайта өңдейтін бірінші кен байыту фабрикасының жылдық қуаты есептік қуатына жеткенде 25 млн тоннаны құрайды. Ол сульфидті кенді өңдейтін екінші кен байыту фабрикасы 2021 жылдың соңына дейін өндірісті бастағанда екі еселеніп, 50 млн тоннаға дейін жетеді. Ақтоғай кен орнының операциялық шығындары халықаралық мыс өндіруші кәсіпорындарының арасында бәсекеге қабілетті болып табылады. Өндіріс көлемі – 2021 жылға дейін орта есеппен сульфидті кеннен өндірілетін 90 мың тонна мысты құрайды. Екінші кен байыту фабрикасы өндірісті бастағаннан кейін 2022-2027 жылдар аралығында сульфидті кеннен жыл сайын шамамен 170 мың тонна мыс өндірілетін болады. Оксидті кеннен 2025 жылға дейін жыл сайын шамамен 20 мың тонна мыс өндіріледі.

KAZ Minerals PLC компаниясының құнды қағаздары Лондон, Қазақстан және Гонконг қор биржаларында айналымда. Топта шамамен 13 000 адам жұмыс істейді, олардың басым бөлігі Қазақстан азаматтары.

Бұл хабарламада ішкі ақпарат бар.